



Инфляциялық күтулер

Қараша 2023


- Ағымдағы жылдың қараша айында халықтың инфляциялық күтулері аздап төмендеді, бірақ әлі де жоғары болып қала береді
- Тұтынушылардың көңіл-күйі өткен жылдағы жеке материалдық жағдайдың бағалауының, алдағы жылдағы елдің даму перспективалары, ірі сатып алуға дайындық бойынша бағалауының төмендетілуі есебінен нашарлады

Инфляциялық күтулер

2023 жылғы қараша айында алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы¹ 16,8% дейін төмендеді, соңғы 12 айда қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы да 16,7% дейін төмендеді (1-график).

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, бағалардың жылдам өсуін күткен респонденттердің үлесі 2023 жылғы қараша айында 27% дейін төмендеді (қазан 2023 – 32%).

1-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерін жүргізу нәтижелері, FusionLab


2023 жылғы қараша айында азық-түлік бағасының өскенін атап өткен респонденттердің үлесі 73%-ға дейін айтарлықтай төмендеді. Бұл ретте азық-түлік емес тауарлар (12% - ға дейін) және ақылы қызметтер (9% - ға дейін) бағаларының өсуін атап

өткендердің үлесі артты.


Тамақ өнімдерінің ішінде респонденттер ет, сүт, нан-тоқаш өнімдеріне, сондай-ақ жемістер мен көкөністерге бағасының өскенін атап өтті. Ақылы қызметтердің ішінде респонденттер ТКШ, интернет және ұялы байланыс, медициналық қызметтердің қымбаттағанын байқады. Азық-түлік емес тауарлар құрылымында халық тұрмыстық химияның, дәрі-дәрмектердің, сондай-ақ киім мен аяқ киімнің қымбаттағанын атап өтті (2-график).

2-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер

Азық-түлік тауарлары



Азық-түлік емес тауарлар және қызметтер



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab


Тұтынушылардың көңіл-күйі

Тұтынушылардың көңіл-күй индексі 2023 жылғы қараша айында 106,8-ге дейін төмендеді (2023 жылғы қазан айында – 108,8) (3,4,5-графиктер).


Атап айтқанда, еліміздің алдағы жылдағы даму перспективалары бойынша бағалау төмендеді (4,1 пунктке), бірақ еліміздің 5 жылдан кейінгі даму перспективалары бойынша бағалау көтерілді (3,1 пунктке). Сонымен қатар, бір жылдан кейінгі жеке материалдық жағдайды бағалау аздап төмендеді (0,2 пунктке).

Ағымдағы жағдайды бағалауда соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың бағасы (5,0 пунктке) және ірі сатып алуларға дайындық (3,6 пунктке) төмендеді.


3-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі ²



4-график. Күтулер бағалаулары



5-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары



ЕСКЕРТПЕЛЕР

1 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғалар әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті

Қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы келесі сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы келесі сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2 Тұтынушылық көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы елдің даму перспективалары;
- жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- ірі сатып алулар.

Ағымдағы жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді